

Ushqyr oıla! Bıikke samǵa! Álemdi sharla!

# Farabı shákirti

№1
ҚАҢТАР
2026

@farabishakirti.kz
@farabishakirti.kz
@farabishakirti.kz

МЕКТЕП МҰҒАЛІМДЕРІНЕ, ОҚУШЫЛАРҒА, ОРТА ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ ОҚЫТУШЫЛАРЫ МЕН БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНА, САЛА МАМАНДАРЫНА, АРДАГЕРЛЕРГЕ, АТА-АНАҒА АРНАЛҒАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТАНЫМДЫҚ ЖУРНАЛ



**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тараздағы мамандандырылған әскери мектеп-интернатында. https://akorda.kz**

**Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев:**

# ҚАЗАҚСТАН ЖАҢҒЫРУДЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІНЕ ҚАДАМ БАСТЫ

2026 жылғы 05 қаңтар
https://akorda.kz/kz/kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-kasym-zhomart-tokaev-kazakstan-zhangyrudyn-zhana-kezenine-kadam-basty



«Газет-журналдар қайта өрлеу дәуірінің бастауында тұр. Себебі, әлеуметтік желі адамның ойлау (танымдық) қабілетіне зор зиян келтіріп жатыр. Жасы қырыққа жетсе де, білімі мен ой-өрісі он бес жастағы жасөспірімдер деңгейінде қалып қойған азаматтарды қазірдің өзінде кездестіруге болады.

Өз басым мерзімді баспасөзді жас кезімнен үзбей оқитыным рас. Әлі күнге дейін осы әдетімнен жаңылған емеспін. Қазіргі таңда баспасөз заман талабына бейімделіп, ақпарат айдынынан өз орнын тауып отыр. Газет тілшілері жан-жақты шолулар мен терең сараптамалар жасауға баса мән береді, ағартушылықпен айналысады. Кәсіби әрі өз ісіне адал журналистер сапалы материалдар әзірлеп, дәстүрлі құндылықтарды сақтауға елеулі үлес қосып келеді. Мен сүйікті Отанымыздың игілігі үшін барлық салада табысты еңбек етіп жүрген мықты азаматтар туралы мәліметтерді көбінесе газеттерден аламын. Ел ішіне кең таралған TikTok, Instagram немесе Telegram арналары еңбек адамдарының шынайы тыныс-тіршілігінен алыс екенін өзіңіз де жақсы білетін шығарсыз.

Қоғамымыз елең етерлік жаңалық оқып, бейнежазба көрумен шектелмей, мән-мағынасы терең ақпараттың да қадірін білгені дұрыс деп санаймын. Көптеген жастарымыздың да дәл солай ойлайтынына қуанамын. Себебі, олар адамды тығырыққа тірейтін елес-қиял әлемінде өмір сүруді емес, нағыз білім-ғылым жолына түсуді мақсат тұтады. Оқу мәдениеті жоғары елдер әрдайым жаһандық дамудың алғы шебінде бола беретіні сөзсіз. Бұған еш күмәнім жоқ».

---


**Farabı shákirti**

**Мектеп мұғалімдеріне, оқушыларға, орта және жоғары оқу орындары оқытушылары мен білім алушыларына, сала мамандарына, ардагерлерге, ата-анаға арналған Республикалық танымдық журнал**

**№1 (77) қаңтар 2026 жыл**

**Журнал 2019 жылдың наурыз айынан бастап, айына 1 рет шығады (электронды нұсқа)**

Шығарушы және меншік иесі
**«MODERN MEDIA ALMATY» ЖШС**

Директор-Бас редактор: **Жанастан КУЧУКОВА**
Тілшілер: **Жұлдыз ӘБІЛ,**
**Тамила ИБРАГИМОВА**
Безендіруші-дизайнер: **Раушан БАҚЫТЖАНҚЫЗЫ**

Редакцияның мекенжайы: 040600, Алматы облысы, Ұзынағаш, Тәуелсіздек, 81.
Тел.: +7 701 730 9312
**E-mail: farabi_shakirti@mail.ru**
**ТАРАЛЫМЫ – 228 дана.**

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі

Мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды қайта есепке қою туралы КУӘЛІК № KZ28VPY00092839 Астана қ. Берілген күні: 17.05.2024 ж.

Атауы: Республикалық «Farabi shakirti» журналы.
Тілі: қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде басылады. Тақырыптық бағыты: Мектеп мұғалімдері мен оқушыларға, орта және жоғары оқу орындары оқытушылары мен білім алушыларына, сала мамандарына, ардагерлерге, ата-анаға арналған Республикалық танымдық журнал.
Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы
Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі:
17481-Ж 28.01.2019 жыл

Журналдың цифрлық нұсқасы «Farabi shákirti» редакциясында қапталды.

Журнал бетінде жарияланған оқырмандарымыздың көзқарасы мен олардың шығармаларының нақтылығы үшін редакция жауап бермейді.

**Ақтан Керейұлы**

## Не жаман

Біріншіден не жаман?
Білімсіз болған ұл жаман.
Екіншіде не жаман?
Ананың тілін алмаған,
Қасарысқан қыз жаман.
Үшіншіде не жаман?
Үш жерінен буғызып,
Көрге салған сол жаман.
Төртіншіде не жаман?
Төресін ғаділ бермеген,
Парақор болған би жаман.
Бесіншіден не жаман?
Бес уақыт намазың
Қаза болған – сол жаман.
Алтыншыда не жаман?
Алғашқы алған әйелің,
Көп ішінде кеңкілдеп,
Тіл алмаған сол жаман.
Жетіншіде не жаман?
Жеткіншекте оқ тиіп,
Жетпей қалсаң, сол жаман.
Сегізіншіде не жаман?
Серке санды ат мініп,
Сергелден болған жол жаман.
Тоғызыншыда не жаман?
Торғайдай болған бір басың
Топқа түскен сол жаман.
Оныншыда не жаман?
Оймақ ауыз, қиғаш қас,
Бір перзенттің жоғынан,
Мұңлық болған сол жаман.

**Жамбыл Жабаев**

## Өсиет

Ой-хой, дүние серуен!
Адам бір көшкен керуен.
Дүниені қызық қалдырып,
Асамыз өмір белінен.
Кірсе лебіз - шықса жоқ,
Қауіп етіңдер өлімнен.
Қылышбайдан таралып,
Сөз нұқсасы келінген.
Дос-жаранға, кемтарға
Қайырлы бол делінген!
Қылған қайыр болмаса,
Не әкетесің өмірден?!
Дәулетіңнен не пайда
Таусылмастай көрінген?!
Жалғыз мұраң сол болар -
Қол қайырың берілген.
Басқа дүние бірі де
Көмілмейді кебінмен.
Көп қарға тең келмейді
бір сұңқарға,
Көп жылқы тең келмейді
бір тұлпарға.
Жақсының әрқашанда жөні
бөлек,
Жаман адам жарамас бір
қымтарға.

**Фариза Оңғарсынова**

## Өсиет

Жақсыларда бір Ана –
ол – Ел деген ғұлама.
Перзентінің бірі – бас,
бірі – еліне бұғана.
«Өзі болған жігіттің
түп атасын сұрама»,
сындырам деп сынама.
Көргенді елдің ұлдары
бірі – бауыр, бірі – аға,
таласпайды мұраға.
«Елім» деген ерлерді
жықпа жардан жыраға!
Алмастырма байқаусыз
мейіріміңді күнәға!

**Дереккөзі:**
**Bilim-all.kz**
**«Жылқылар»**
**https://yandex.kz**



# Олжас Бектенов Президенттің «Алатау» ИТП» АЭА аумағындағы жоғары технологиялық өндірістерді дамыту жөніндегі тапсырмаларының орындалу барысын тексерді

Премьер-министр Олжас Бектенов Мемлекет басшысының «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауында берген арнайы экономикалық аймақтарды, индустриялық аймақтарды дамыту және




олардың қызметінің тиімділігін арттыру есебінен өңірлердің өнеркәсіптік әлеуетін арттыру жөніндегі тапсырмаларының орындалу барысын тексерді.

Алматыда «Алатау» инновациялық технологиялар паркі» арнайы экономикалық аймағын аралау барысында Үкімет басшысы жоғары технологиялық өндірістерді дамыту, локализацияларды тереңдету және АЭА инфрақұрылымын кеңейту мақсатында жүргізіліп жатқан инфрақұрылым құру жұмыстарымен танысты.

Арнайы экономикалық аймақты инфрақұрылым жағынан қамтамасыз ету жөніндегі жоспарлар туралы Алматы қаласы әкімінің орынбасары Олжас Смағұлов баяндады. «Алатау» инновациялық технологиялар паркі» АЭА жоғары технологиялық өндірістерге және R&D-ге арналған алаң ретінде дамуда. Оның қатысушыларының саны – 203 компания. Жұмыс істеп бастаған уақыттан бері резиденттер шамамен 399 млрд теңге инвестиция салған, 7,2 мың тұрақты жұмыс орны құрылып, 1 трлн теңге сомасында өнім өндірілген және қызметтер көрсетілген. Бүгінгі таңда АЭА аумағында құны 265 млрд теңге болатын 1000 жұмыс орны бар 24 жоба жүзеге асырылуда, соның ішінде 2025 жылы 355 жұмыс орны құрылған 19 млрд теңгелік 6 жоба іске қосылды.

Алматы қаласы әкімдігінің деректері бойынша АЭА аумағы іс жүзінде 94% толған, бос учаскелер 7,7 га құрайды, бірақ жұмыс істеу мерзімі 2027 жылдың аяғымен шектеліп отыр, бұл капиталды көп қажет ететін және ұзақ мерзімді жобаларды жүзеге асыруды қиындатады және инвесторлар үшін тартымдылықты төмендетеді. Осыған байланысты, өсу қарқынын сақтау және жоспарланған бастамаларды жүзеге асыру үшін Премьер-министр АЭА-ның пайдалану мерзімін ұзартуды және оның аумағын кеңейтуді, сондай-ақ жаңа жоғары технологиялық өндірістерді әртараптандыру және іске қосу жөніндегі міндеттерді ескере отырып, рұқсат етілген қызмет түрлерінің тізбесін толықтыруды тапсырды.

Премьер-министр Олжас Бектенов инвестициялық тартымдылықтың негізгі факторы ретінде АЭА мен инфрақұрылымдық дайындықты одан әрі дамытудың маңыздылығын атап өтті. Бұл жұмысты еліміздің барлық өңірлерінде жүзеге асыру қажет. Бұл мақсатта Үкімет болашақ инвестициялық жобалар үшін инфрақұрылымдарды жаңа сапада жақсарту жөнінде шаралар қабылдауда. Әкімдіктер осы бағытқа жекеменшік инвестицияларды тарту бойынша жұмысты жандандыруы тиіс.

«Президент жариялаған Цифрландыру және жасанды интеллект жылында жоғары технологиялық жобаларды іске қосу үшін жағдай жасау қажет. Бұған қосалқы станциялар мен көлік желілерін қоса алғанда, қосымша инфрақұрылым құру кіреді.

“Алатау” инновациялық технологиялар паркі" АЭА бүгінде технологиялық алаң ретінде жұмыс істеп тұр. Бірақ инвестициялық сұраныстың жоғары екенін ескере отырып, аймақты одан әрі дамыту қажет. Әкімдік Арнайы экономикалық аймақтың әкімшілігімен




бірлесіп республикалық бюджетке тәуелділікті азайту үшін, бюджеттен тыс қаражаттар тартып, халықаралық қаржы ұйымдарымен ынтымақтастық орнатуы тиіс», – деп атап өтті Премьер-министр.

«Алатау» инновациялық технологиялар паркі» АЭА аумағында орналасқан NERO Group өндірістік алаңының базасында Премьер-министрге есептегіш құралдарының отандық өндірісін дамыту туралы баяндалды.

**https://primeminister.kz/ сайтынан алынды.**




# Алматыда «Сириус» мектебі мен білім беру орталығының іргетасын қалау рәсімі өтті

Алматыда «Сириус» білім беру орталығымен ынтымақтастық аясында I Таланттар саммиті өтті. Саммит барысында «Сириус» мектебі мен білім беру орталығының іргетасын қалау рәсімі өтті.

Іс-шараға Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары - мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева, ҚР Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменова, Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды, «Сириус» федералдық аумағы кеңесінің төрағасы және «Талант и успех» қорының жетекшісі Елена Шмелева, ғылыми және педагогикалық қауымдастық өкілдері қатысты.

«Сириус» мектебінде математика, физика, химия және биология пәндері бойынша кіріктірілген бағдарламалар, сондай-ақ жасанды интеллект, ғарыш, инженерия және өмір туралы ғылымдар бағытындағы пәнаралық курстар мемлекеттік және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік білім беру стандартына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстандық оқушылар «Сириус» орталығының бағдарламаларына қазірдің өзінде қатысуда. 2024-2025 жылдар аралығында балалар «Үлкен перспективалар» ғылыми-технологиялық байқауының жобалық командаларында жұмыс істеді. Сонымен қатар Қазақстан құрамасы жасөспірімдер арасындағы IJSO-2025 халықаралық жаратылыстану олимпиадасында 6 медаль жеңіп алды.

Саммитке дарынды оқушылар мен жаратылыстану-математикалық бағыттағы педагогтер қатысты. Саммит аясында мектеп пен орталық жобасының таныстырылымы, «Сириус» мамандарының дәрістері мен шеберлік сабақтары, «Үлкен перспективалар» байқауы жобаларының көрмесі, сондай-ақ мұғалімдерге арналған курс өтті.

Саммит бағдарламасы аясында оқушыларға арналған ғылыми-көпшілік дәрістер, «Сириус» жетекші сарапшыларының шеберлік сабақтары, математика және жаратылыстану пәндері педагогтеріне арналған біліктілікті арттыру бағдарламасы да өткізілді. Оқушылар генетикалық және ақпараттық технологиялардың дамуымен танысып, квадрокоптер немесе робот құрастырып, бағдарламалап көрді, мидың жұмыс істеу ерекшеліктерін зерделеп, «Сириус» білім беру орталығының академиялық және индустриялық серіктестерінен ұсынылған жобалық тапсырмалармен жұмыс істеді.

«Бүгін ғимараттың алғашқы кірпіші қаланды. Бұл жай ғана символдық қадам емес, бұл мектептің қалай құрылатынын айқындайтын практикалық жұмыстың басталуы. Ол білім беру бағдарламаларын қалыптастырудан бастап оқу процесін ұйымдастыруға дейінгі барлық кезеңді қамтиды. Жоба жаратылыстану ғылымдары мен заманауи технологиялар саласына кіріктірілген бағыттарға негізделіп, Қазақстан Республикасының мемлекеттік білім беру стандарттарына сәйкес жүзеге асырылады», - деп атап өтті Аида Балаева.

«Бүгін біз мемлекеттеріміздің басшылары қойған стратегиялық міндетті шешіп отырмыз. Үздік педагогтермен, ғалымдармен және технологиялық компаниялардың өкілдерімен бірлесе отырып, Қазақстан оқушыларының талантын дамытуға барлық жағдай жасалған зияткерлік, мазмұнды және қауіпсіз орта қалыптастырып жатырмыз. Қазіргі балалар кейде тәжірибелі мамандардың өзі қиналатын мәселелерді шешуге дайын. Сондықтан «Сириус» жобалық қызметті дамытуға ерекше мән береді. Біздің флагмандық жобамыз саналатын “Үлкен перспективалар” байқауы осының айқын дәлелдейді. Биыл байқау 11-рет өткізіліп, халықаралық мәртебе алды», - деді Елена Шмелева.

Сонымен қатар, ҚР Оқу-ағарту министрлігі ҚР Ғылым және жоғарғы білім министрлігімен бірлесіп Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті мен Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің базасында «Сириус» университетінің «Ғылыми-технологиялық білім беру көшбасшылары» атты екі жылдық магистрлік бағдарламасын іске қосады. Бағдарлама дарынды балалармен жұмыс істеуге, жаратылыстану және техникалық бағыттар бойынша, соның ішінде педагогикада жасанды интеллектіні қолдану саласында мамандар даярлауға бағытталған.

**ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Баспасөз қызметінен алынды.**



# ЖҮРЕКТЕ ЖҮРЕР ЖҰМАБАЙ

**Жұмабай Шаштайұлы туралы өткен шақпен естелік жазу ауыр. Қаламгер қазақ әдебиетінің көркем ой көкжиегін кеңейткен, сөздің салмағы мен сезімнің тереңін қатар ұстай білген жан еді. Көркем сөздің кестесін ғана кестелеп қойған жоқ, қазақ журналистикасының да тізгінін ұстап, публицистикаға да ерекше леп берді.**

**Жұмабай Шаштайұлы адам жанының иірімдерін, тағдыр мен уақыттың тайталасын ұлттық болмыстың нәзік қырларын шынайы да шымыр бейнеледі. Оның прозасы мен публицистикасында жасандылық жоқ, өмірдің өзінен алған кейіпкерлері бар және жазушының ішкі жан дүниесін көрсететін шынайы болмысы бар.**

## «БАУЫРМАЛ ЕДІ ЖҰМАБАЙ»

Астанадағы академиялық кітапханада жазушының 75 жылдығына орай төрт томдық шығармалар жинағының тұсаукесері өтті. Тұсаукесерге қаламгердің үзеңгілес достары, әріптестері, шәкірттері жиналды. Жұмабай Шаштайұлы туралы әдемі естеліктер, сәулелі сәттері туралы толғаныстар шертілді. Жазушының ешкімге ұқсамайтын мінезі, адамгершілік келбеті, ұстаздық қыры туралы толғанды жиылған қауым.

Кештің тізгінін ұстаған белгілі ғалым, профессор Айгүл Ісмақова аға-досы туралы ойларын ортаға салды.

«Өмірде бірін-бірі бауырлықпен түсінетін шынайы достық болады. Бірақ достар көп болмайды. Менің жақын достарым оң қолымның саусақтарындай ғана. Бұлар – жаны таза, достыққа берік, адал адамдар. Солардың бірегейі – Жұмабай Шаштайұлы еді» дейді ғалым. Ол жазушыны аға-дос санағанын, өмірде өзіне ұстаз болғанын да жасырмады. Мәскеуде оқыған, орыстілді ғалымды қазақшаға жақындатқан да Жұмабай Шаштайұлы екенін айтады. Алғаш мақаласын «Жалын» журналына орыс тілінде апарады. Сонда күлімсіреп қана үн қатқан қаламгер Айгүл Ісмақованы осылайша қазақы ортаға жақындатқанын өзі де байқамаған шығар. Есесіне, жақсы дос, адал аға тапты.

**«Бірер жылдан кейін мен істейтін Әдебиет теориясы бөліміне Гүлзия Пірәлі жұмысқа келді. Гүлзия Жұмабай екеуі кезінде «Лениншіл жаста» қызметтес болған екен. Бір-екі рет қонақта кездестік. Жұмабай Мәскеудегі әдеби орта туралы сұрады, олардың әдеби басылымдарындағы сол кездегі мықты сыншыларды оқитынына көзім жетті», – дейді А.Ісмақова.**

Ғалым 1987 жылы институтқа жаңа басшы болып келген Шериаздан Елеукеновтің бір ғылыми кеңесте жазықсыз сынға ұшыраған жас жазушы Жұмабай Шаштайұлы туралы айтқанын еске түсірді. Сол естелігінде жазушының «Қызыл қар» романы сол кездегі мемлекет басшысының ресми баяндамасында «коммунистік жетістігімізді сынап, дұрыс көрсетпеген шығарма» деп сынға ұшырапты. Кейін білгеніміздей, Д.Қонаев біреулер жазып берген сөзді оқып берген екен. Жұмабай Шаштайұлы туралы ғалым:

**«Ол өмір бойы жазушылық жолына қолдау білдіріп, батасын берген Рымғали Нұрғали мен Шериаздан Елеукеновті ұстаздары ретінде ерекше құрметтеп өтті. Өз айтуы бойынша, Қонаевтың баяндамасынан кейін жазушы репрессияға түскендей хал кешкен. Бұл оқиға жазушының кейінгі өмірінде де сақ болуына әсер етіпті» дейді.**

Жұмыс бабымен Айгүл Ісмақова Астанаға ауысқанда да бір-бірінен хабар үзбеген. Бірақ ғалымның айтуынша, кейінгі уақытта шығармашылық жұмысына байланысты хабар алмасу тоқтапты. «Наурыздың 12-сінде таңертең сабаққа шығып бара жатқанда Болат Мүрсәлімнен қоңырау келді. Аға досымның дүниеден өткенін осылай естідім. Хабарды естігеннен кейін Жұмабайдың Алматыға ірі дәрігерлік ортаға жетпей, ауылда қалып қойғанына қатты өкіндім» деді ол.




## «БАҚЫТТЫ ЖАЗУШЫ»

Жазушы Қуаныш Жиенбай әңгімесін басқосудың ерекшелігінен бастады. Жазушы айтқан ерекшелік – Жұмабайдың сан қырлы қаламгерлік шеберлігі, туабітті адамгершілік асыл қасиеті және ешкімге ұқсамайтын турашыл мінез-құлқы жайлы толағай ойлар бүкпесіз ортаға салынуы. «Жүкең ғайыптан тіріліп келгендей, баяғы емен-жарқын ақтарылып күлетін күлкісімен тура жанымызда отырғандай сезім құшағында отырдық...» дейді ол.

Жазушының естелігінен Шаштайұлы қайда жүрмесін ана сүтімен бойына дарыған тазалыққа қылаудай кір жұқтырмаған жан, өзі басқарған жылдары газеттері елдің қошеметіне бөленген абыройлы азамат болғанын білдік. Бірақ өзі-өзіне көңілі толмай, өзімен-өзі іштей арпалысып жүретіндігін сырттай аңғарған сол жолдас-шәкірттері. Жұмабек Шаштайұлының осы қыры жазушы естелігінің «дәмін» келтірді.

«Қарауындағы кейбір жас журналистердің берген тапсырмасын тап-түйнақтай орындаудың орнына, күлдібадам бір нәрсені домбаздап алдына тастай салғанына жүзі сұрланып, өзімен-өзі күйіп-пісіп отырған сәттерін де байқап жүретінбіз. «Жүке, осы саған не керек, осы да жүйке жұқартатын мәселе ме, одан «Қаламгерге» түсіп, аздап тамақ жібітейік» дегенімізге бастапқыда ыңғай танытқанымен, бәрібір өз пайым-түсінігінің шеңберінен көпке дейін шыға алмай, өзімен-өзі «бұрқырап» жүретін. «Қазақ әдебиеті» мынадай-мынадай қоғамдық мәселелер мен әдебиет төңірегіндегі проблемаларды барынша әділдікпен жазып жатыр...» деген көңілжықпас қыстырма сөзімізді жаратпағандай: «Біздің түбімізге өстіп өтірік мақтау жетіп жүр ғой» деп бір иығын қиқаң еткізетін. Сонда менің есіме соғыстан бір қолын беріп, елге шолақ боп оралған «Аспанқорадағы» Атан түсер еді. Атан – жазушы Жұмабай Шаштайұлының нағыз дер шағындағы шеберлігінен туған қазақ әдебиетіндегі келісті кейіпкер», – дейді Қуаныш Жиенбай.

Ол «Аспанқора» повесі талай-талай ауыздары дуалы әдебиетшілер мен сыншылар қауымының басты объектісіне айналғанын айтып, кітап оқитын қауымның болашақта да көздеріне түсер деген үмітті арқалап жүргенін айтады. Әкесіне еріп, бір кезде өзі де мектеп бітірісімен қойшы болған

Жұмабай Шаштайұлы малшылар өмірінің ұңғыл-шұңғылын қолмен ұстағандай жақсы біледі. Ал жазушылық шеберлігі өз жолына. Қуаныш Жиенбай Атан мен Ханымкүл арасындағы қарым-қатынас шым-шытырық оқиғаға тұздық болмаса да, жазушы осы бір линияны шыншылдықпен әрі шеберлікпен оқушысын сендіре білгенін айтып, шығарма туралы азды-көпті сөз қозғады. Айтуынша, «Қараторының әдемісі Ханымкүл қарақаттай тұнық, күлім көзі жайнаң қағып, кісінің ынтықтығын құртады», дегенмен Атанмен дәм-тұзы жарасып, ұзақ уақыт ерлі-зайыпты ғұмыр кеше алмайды. Атанның күні-түні жанын жеген бір уайымы бар, ол – кіндігінен туған баласының жоқтығы. Бұл – негізі әр пенденің басында болатын жайт, бірақ Атанның үнемі жүрегін жаралаған қайғы-шерін жан баласына айтпастан, дәп бір төрт құбыласы тең адамша өмір сүруге тырысып бағуы; онысын рабайда жалғыздан-жалғыз Аспанқораның аспанмен иықтасқан шыңдарына шыққан мезетте «шағымын» туған табиғатқа ақтара салуы да – шығармашыл адамның қолына сирек түсетін олжа. Кейін Атан бөтен бір отбасына пенде болған Ханымкүлдің бесік тербетіп отырғанын көргенде қызғаныштан ба, әлде бала туғыза алмаған өзінің осалдығына налығаны ма, әйтеуір, адам төзгісіз алапат сезімге берілуі есте ұзақ сақталатын штрих.

«Бір сыншы бауырымыздың Шаштайұлы шығармашылығына талдау жасағанда: «Оның кейіпкерлерінің қасы мен көзінің тірі организмге айналып, ойнақшып тұратындығын былай қойғанда, бетіндегі әжім іздеріне дейін үнемі қозғалыста болады» дегені бар еді. Соған бір мысал: «Атанның жанарының ұясынан ұйықтап жатқан жылан бас көтеріп алғандай кісі баласы сескенетін сұс сезілді. Пышақпен сылығандай жақ еттері түтігін, құшық маңдайы оқшаулана тырысып, дөңес мұрны қоңқайып, кескіні өзгеше өрескел бұзылып кетті. Бетіндегі шешек дағы сұр жүзіне қорғасын түстес уыт беріп, дәл бір шалт қимылға көшетіндей құқыл тартты...». Мұндай суреттерді Жұмабайдың кез келген туындысынан кездестіруге болады. Қаншама қиындыққа душар болса да, Аспанқорасынан алыстамаған Атан кейін «моңғол кескінді, бүйрек бетті, қысыңқы көзді, дөңгеленген дембелше бітімінде әлденеден тосырқау мен жүрексіну бар» Қаламқаспен отау құрады. Қаламқас пен Атанның аз күнгі ғұмырындағы түсіністікке ішің жылиды, повестің тез аяқталып қалғанына өкінесің, әрине. Атан ана дүниеге аттанарда көңілі ерекше асып-таспаса да, бір қараға тұяқ іліктіргендей пейіл танытады. Қаламқастың «аяғым ауыр, екіқабатпын» деген жүрекжарды ақырғы сөзін естігенде, Атанның қандай күйге түскендігін сезіну үшін, сірә, қырық беттен аспайтын шығарманы тағы бір оқып шығуға тура келер. Иә, Шаштайұлы шығармашылық әлеуетінде мұндай олжалар көп-ақ», – деп пайымдады ол.

«Аспанқораны» оқыған ұстазы Рымғали Нұрғалиев «Көп жазба, осындай он шығарма жазсаң жетеді» деп кеңес беруінде біраз мән жатыр: шәкіртіне ризашылығы һәм көпіртіп көп жазудың мұратқа жеткізбейтіндігі.

Қуаныш Жиенбай бүгінде жұрт әдеби дүниені зейін қойып оқудан гөрі ауа жайылып, сан түрлі әлеуметтік желі, тик-ток дейтін «құбыжықтарға» мықтап әуес болып алғанына ашынатынын жеткізді. Сөйтіп, қаламгер туралы орамды ойларын қайта жалғастырып, оның бітім-болмысы туралы:

«Қайран Жүкең, Жұмаш, Жұмабай... біз оны үнемі еркелетіп, өзіміздің оған деген пейілімізді де осы еркеліктің аясына сыйғызып, осылай атағанды жөн көруші ек. Ол оған ешбір түзету жасамайтын. Рымғали көкесінің ескертпесіне құлай берілді ме, шындығында ол көпіртіп көп жазған жоқ. Жазғандары мірдің оғындай болып шықты. «Жала мен нала», «Құралайдың салқыны», «Ұябұзар», «Қызыл қар», «Шал мен жылқы», «Жерге орналастырушы», «Қоңыр», «Өмір ертегісі», «Үй мен түз»... т.б. Ал «Аяз би» романын оқу үшін кәдімгідей дайындық керек. Дүниесі жарыққа шыққан соң оқырман қалай қабылдады, ұнатты ма, ұнатпады ма деп толғаныста жүретін қаламгер қауымына тән «толғақ» Жұмабайды көп азапқа салмаған секілді. Уайым жесе де ішінде. Мұндайда атақты қытай жазушысы Мо Ян былай деуші еді ғой: «Оқығың келсе – оқырсың, оқығың келмесе өзің біл. Маған десе жер бетінде жалғыз ғана оқырман қалса да, мен бәрібір осылай жазамын... Шындығына келгенде, Шаштайұлының оқырмандарының да, іздеушілерінің де қарасы қалың. Ол бақытты жазушы деп айтқанымызға әріптестеріміз қарсы бола қоймас», – дейді Қ.Жиенбай.

**P.S.** Қаламгер адам мен қоғам, ар мен жауапкершілік, өткен мен бүгін арасындағы байланыстарды табиғи өріммен әдемі жеткізе білді. Сондықтан да Жұмабай Шаштайұлының туындылары бір оқып қоя салатын дүние емес, қайта-қайта ойға оралатын, санада ұзақ сақталатын мәңгілік құндылық.

Оның қалдырған көркем әлемі оқырманды ойландырып қана қоймай, адамдық болмысты терең танытуымен де құнды. Уақыт өтсе де мәнін жоймайтын Шаштайұлы шығармалары келер ұрпаққа да рухани бағдар, әдеби өлшем бола беретіні сөзсіз.

**Гүлзина БЕКТАС,**
**«Айқын» ақпарат**

# Ә.Қастеевтің қыл қаламынан туған бейне



**Әбілхан Қастеев қазақ бейнелеу өнерінің негізін қалаған суретшілердің бірі. Ол XX ғасырдағы қазақ сурет өнерін ұлттық дәстүр мен заманауи көркемдік тәсілдер арқылы үйлестіре білді.**

**Қастеевтің шығармашылығы халықтың тарихын, батырларын, ақындарын және қарапайым адамдардың күнделікті өмірін бейнелеуге арналған. Оның әрбір картинасы тарих пен тұлғаның ішкі әлемін сезіндіруге бағытталған.**



**Ә.Қастеев салған Амангелді батыр бейнесі**

Қастеевтің өмірлік еңбегінің ең айрықша жетістігі қазақ қоғамының тарихи және мәдени қайраткерлерін бейнелеген портреттер. Оның суретшілдік көркемдігі этнограф Шоқан Уәлиханов, ақын Жамбыл Жабаев, халық батыры Амангелді Иманов және ақын Абай Құнанбайұлы бейнесінде көрініс тапқан. Бұл портреттерде тек сыртқы келбет қана емес, тұлғаның рухани әлемі, мінез-құлық ерекшеліктері, тарихи рөлі сезіледі.

Тарихта Ә.Қастеевтің Амангелді Имановқа арнаған туындысы ерекше орын алады. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің көшбасшысы, батыр Амангелдінің нақты фотосуреті сақталмағандықтан, суретші оның бейнесін қайта жасауға үлкен жауапкершілікпен кіріседі. Ол Торғай өңіріне барып, халық естеліктерін тыңдап, тарихи деректерді жинайды. Осы зерттеулердің арқасында Ә.Қастеев Амангелдінің рухын, батырлығын, салмақты кейпін қалпына келтірді.

Суретшінің стилистикалық тәсілі – реализм мен экспрессионизмнің үйлесімі. Батырдың рухы мен күш-қуаты нақты бейнеленсе де, бояу мазмұны арқылы көркемдік символикаға ие болады. Әсіресе, Амангелдінің бейнесіндегі көзқарас пен дене қимылы оның ішкі ерлік рухын, халық алдындағы жауапкершілігін көрсетеді.

Сонымен қатар, Қастеев шығармасында тарихи тұлғаны жалпы халықтық идеалмен байланыстыруға ұмтылады. Амангелді бейнесі тек жеке батыр ретінде емес, ұлттық көтерілістің, азаттық пен еркіндік идеясының символы ретінде көрінеді. Бұл аспект Қазақстан өнертануында Ә.Қастевтің шығармашылығын тарихи-патриоттық бағыттағы туындылар контексінде ерекше бағалауға мүмкіндік береді. Кейін ел тарихында бұл картина қарапайым портреттен асып, тарихи кейіпкер мен ұлт идеалының символына айналды.

Қастеевтің шығармашылық мұрасы мол. Ол артында 1100-ден астам туынды қалдырған. Оның ең ірі жинағы Алматыдағы Ә. Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер мұражайында сақталған, мұражай 1984 жылы суретшінің құрметіне аталған. Сонымен қатар, туындылары жеке коллекциялар мен Қазақстанның және шетелдің көптеген мұражайларында сақталған.

Қастеевтің туындылары – тек өнердің көркемдік құндылығы емес, олар тарихи сана мен ұлттың рухын қалыптастырудың маңызды құралы. Әрбір бейне тарих пен бүгінгі күнді байланыстырады, тұлға мен халық тарихының арасына көпір салады. Амангелді бейнесінің сырын ашқан суретші батырдың рухын, салмақты кейпін және халық алдындағы міндетін көрерменге сезіндіре білді.

**Автор: Жауынбай Жылқыбайұлы**




# Алматыда XXII Халықаралық Жәутіков олимпиадасы өз мәресіне жетті

Алматыда 10-15 қаңтар аралығында XXII Халықаралық Жәутіков олимпиадасы өтті. Шараға ҚР Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменова қатысып, жеңімпаз оқушыларды марапаттады. Биыл олимпиадаға математика, физика және информатика пәндерінен барлығы 612 оқушы мен 122 команда жетекшісі қатысты. Сайыскерлер әлемнің 16 елінен жиналды. Олардың арасында Армения, Әзербайжан, Беларусь, Болгария, Грузия, Қазақстан, Қырғызстан, Моңғолия, Пәкістан, Ресей, Румыния, Тәжікстан, Түркменстан, Индонезия, Үндістан және Өзбекстаннан келген оқушылар бар.

Олимпиада екі турдан тұрды. Тапсырмалар мамандандырылған сыныптар бағдарламасына сәйкестендірілді және оларды халықаралық қазылар алқасы құрастырды. Қазылар алқасының құрамында халықаралық деңгейде мойындалған мамандар бар, ал төрағасы – ҚР ҰҒА академигі Асқар Жұмаділдаев.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жуырда Қазақстан үшін техникалық интеллегенцияны құрылымдау өте маңызды, тіпті стратегиялық қажеттілік деген болатын. Ал техникалық интеллегенция – инновациялардың, жаңа технологиялардың және өнімділіктің драйвері бола алады. Сіздер білім сайысында математика, физика және информатика пәндерінен терең білімдеріңізді көрсетіп, логикалық және шығармашылық ойлау қабілеттеріңізді шыңдадыңыздар. Көптің арасынан суырылып алға шықтыңыздар. Сіздер – еліміздің келешек техникалық интеллегенциясының негізін құрайтын мақтанышысыздар. Бүгінгі алған жүлделеріңіз – Қазақстанның ертеңіне қосқан үлестеріңіз», – деді ҚР Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменова.

Биылғы олимпиада қорытындысы бойынша 70 оқушы алтын, 96 оқушы күміс, 158 оқушы қола медаль иеленді. Интеллектуалдық сайыс аясында барлығы 324 медаль сарапқа салынды. Сонымен қатар, жоғары нәтиже көрсеткен командалардың жетістіктері де арнайы аталып өтті.

Биыл «Абсолютті жеңімпаз команда» атағын Румыниядан келген Бухарест қаласындағы Халықаралық компьютерлік мектебінің командасы жеңіп алды. Бірінші орын мен «Үздік олимпиадалық команда» атағы Ресейдің В.Ф. Овчинников атындағы «Екінші мектеп» лицейіне бұйырды. Екінші орынды Ресейдің Капица атындағы Физтех-лицейі мен «Воробьёвы горы» командалары иеленді. Үшінші орынды Алматы қаласындағы Республикалық физика-математика мектебінің (Қазақстан), София математика мектебінің (Болгария) және Ресейдің №239 Президенттік физика-математика лицейінің командалары олжалады.

Сайыс қорытындысы бойынша қазақстандық оқушылардың қоржынында 132 медаль бар. Олардың 28-і алтын, 35-і күміс және 69-ы қола медаль. Бұдан бөлек, еліміздің жоғары оқу орындарынан жеңімпаздарға ректорлық гранттар берілді.

**Оқу-ағарту министрлігінің Баспасөз қызметінен алынды.**

**2025 жылғы 29 шілдеде кеңес төрағасы, жазушы Нұрдәулет Ақыш өз еркімен қызметінен босаған соң, кеңес мүшелері мені ашық дауыспен сайлады. Сонымен, ҚЖО Балалар мен жасөспірімдер әдебиеті жанрлық кеңес төрағасы қызметім туралы бірер сөз: 2025 жылдың екінші жарты жылдығында «Балалар әдебиетінің бағбандары» сериялық жобасы қолға алынып, Өтепберген Ақыпбекұлы, Тоқаш Бердияров, Беибут Коишибаев, Серікбай Оспанұлы, Нұрдәулет Ақыш, Бейсебай Кірісбайұлы туралы естелік, портреттік мақалалар жинағы жарық көрді.**

# БЕС АЙДАҒЫ БЕЛЕС

«Балалар кітапханасы» сериялық жобасы да басталып, осы тізбек аясында Қуандық Түменбай мен Сауле Досжанованың кітабы жарыққа шықты. Жиын барысында жазушы, әдіскер педагог Бижан Игенбаеваның кеңесімен жазылған кітаптарымыз да таныстырылды. Астана, Алматы және облыс орталықтарында тұратын балалар жазушыларының ортақ базасы жасақталып, арнайы фотосессия ұйымдастырылды.



**Республикалық газет-журнал, телеарна мен радиоларда балалар мен жасөспірімдер әдебиеті туралы мақала, сюжет көрсетілді. 2026 жылы «Балалар әдебиеті. Шығармашылық зертхана құпиясы»; «Бүгінгі балалар әдебиеті: жазушы, шығарма және қоғам» балалар жазушыларының шығармашылығына арналған портреттік талдаулар жинағы және «Балалар әдебиеті кеңесінің тарихы» хроника, фотоальбом кітабы оқырманға жол тартады.**

Менің әр жобамды ұлттық жоба деп танып, қаражат бөліп, қолдап жүрген кәсіпкер аға-достарыма мың алғыс! Кәсіптеріңізге береке берсін! ATA Creative




Hub баспасының Айкүміс Сайлауханқызы, Гүлшат Бақытжан бастаған ұжымыма ризашылық айтамын! Біз ұлы жолдамыз! Алла жар! Қанша жылдан бері еңбектері бағаланбай жүрген, бірақ балалар мен жасөспірімдер әдебиетінің туын биіктен көтерген Duisenbek Magulumov ағам, Бағдат Мәжитұлы ұстазым, Жаркенттегі бағбан Бағдат Айтмұқаева , ғажап ертегіші Adina Zhusipova, сан қырлы талант Мира Сембайқызы, Қызылордадағы дарынды ақын Ержеңіс Тастыбай Әбдінің Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі атануы - олқылықтың орны толған, бүкіл қаламгер қуанған нағыз мерейлі сәт. Осы азаматтар одаққа өтуге әбден лайық деген кеңес ағзалары Арасанбай Жексенбекұлы, Қанат Қайым, Ділдәр Мамырбаева тілектестерім, тікелей кураторымыз Бейбіт Сарыбай ағам болып, төрағамыз Мереке Әбдешұлына айтып жүріп, қабылдаттық. Бұл - рухани әулет жеңісі Сонымен қатар, жас талап Жақсылық Мұратбек пен Мұхаммед-Қанапия Шарханұлы су жаңа ҚЖО мүшелері атанды «жүрегі бар жалғыз үй» ұжымына, Ғазиза Құдайберген бастаған балалар әдебиетінің достарына Әлі талай сенді бұзамыз!

**Шаруа - көп, уақыт - өлшеулі. (Құдайым өзі жар болсын!). Мақсат - әр балалар жазушысы жазған туынды креатив өнімге айналып, қаламгер имиджін қалыптастырсын! Ол бренд тұлға болсын! Енді балалар жазушысы болу - сәнге (модаға) айналады. Әлемде солай! Бізде де солай болсын**

**Yeldos Toktarbaudың facebook- нан алынды.**

# Достықтың дәнекерлері алған марапат

**Ауыл - ұлттың ары мен ұяты сақталған қасиетті мекен. Қасиетті мекен де , елдік пен өрлікті дәріптеп, баршаны бауырына басып жүретін жандар болады. Олар - өз ауылының айбыны. Сондай жандардың бірі – Түлкібас өңірінде Асылы Османдай асыл туған ауылдың киесін қанша толғасақ та артықтық етпейді. Осы тұста қуанышты жаңалық - Түлкібаста еңбек адамдарына, шынайы руханият өкілдеріне құрмет көрсетіліпті.**

«Ауыл партиясына 25 жыл» мерекелік медальмен Олег Кошевой атындағы жалпы білім беретін білім мекемесінің кітапханашысы Тамаша Османова мен еліміздегі ерекше қайсар кітапханашылардың бірі, Түлкібас аудандық ОКЖ қарасты Тастұмсық ауылдық кітапханасының кітапханашысы Топанбай Мейірхан Мейрамбекұлына берілген екен.




Бұл марапат – елге еткен ерен еңбектің, рухани мұраны дәріптеп, жас ұрпаққа бағыт-бағдар беріп жүрген кітапханашылар еңбегінің әділ бағасы, шынайы оқырман ризашылығы.

Тамаша Османова мен Топанбай Мейірхан Мейрамбекұлы – тек өз саласының кәсіби мамандары ғана емес, сонымен қатар, ауылдың мәдени-рухани тірегіне айналған руханият шырақшылары. Кітапты тек білім көзі деп емес, адам мен қоғамды байланыстыратын алтын көпір деп түсінетін саусақпен санаулы азаматтардың бірі.

Ел ішінде «кітапханашы» деген мамандықты жай ғана қызмет емес, миссия деп ұғатын азаматтар қазір ауадай қажет. Ал осы қос тұлға – кітаппен оқырман тәрбиелеп жүрген, ізгілік кемесін өрге бастаған ісіне адал жандар. Олар Тастұмсық ауылындағы қара домалақ балалардың бойына руханиятты сіңіріп, ұлттық құндылықтарға деген сүйіспеншілікті арттырып келеді.

«Достықтың дәнекерлері» атанып, алғыс пен ризашылыққа бөленген кітапханашылар - елдің еңсесін көтеретін елеулі есімдер. Мұндай марапат – тек өткенге емес, болашаққа да сеніммен қарауға берілген талпыныс құралы. «Марапат құны - алушымен есептеледі» деген түрік нақылын осы тұста қоса кетсек артық болмас. Руханияттың тұтқасын ескерген «Ауыл» Халықтық -демократиялық патриоттық партиясына іштей үлкен ризашылық туындайды. Бұл азаматтармен қатар ұзақ жыл кітапханада еңбек еткен ардагер Омарбекова Назира, Түлкібас ОКЖ-сінің кітапхананы дамыту бөлімінің меңгерушісі Пернебекова Закира, белгілі қаламгер, журналист Орынтай Көмеков, Маймақов Мұқан сынды жандар марапатталды. Еңбектің тәтті нанын жеп жүрген жандарды бағалау - еңбеккер ұрпақ тәрбиелеудің негізі.

Ауыл руханиятының алтын арқауын ұстаған бұл жандарға алғыс білдіре отырып, шығармашылық табыс, мықты денсаулық, кәсіби биіктер тілейміз!

**Д. БАЙРАМОВА,**
**филология ғылымдарының докторы**

# ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІ САБАҚТА ҚОЛДАНУ

**Аннотация:** Жасанды интеллект (ЖИ) қазіргі таңда білім беру саласында кеңінен қолданылып жатыр. Бұл технология оқушылардың білім деңгейін арттыруға және оқыту процесін жекелендіруге мүмкіндік береді. ЖИ көмегімен мұғалімдер оқушылардың үлгерімін нақты уақыт режимінде бақылай алады және қажетті түзетулер енгізе алады. Бұдан басқа, ЖИ білім беру контентін автоматты түрде жасауға, сонымен қатар оқушылардың қызығушылықтары мен қажеттіліктеріне сәйкес бейімделген оқу материалдарын ұсынуға мүмкіндік береді. Жасанды интеллектпен жабдықталған құралдар мұғалімдердің уақытын үнемдеуге және оқыту сапасын арттыруға бағытталған. Дегенмен, бұл технологияның тиімділігі мен этикалық мәселелері әлі де зерттеуді талап етеді.



**Мақаланың мақсаты:** жасанды интеллект технологияларын бастауыш сынып жаратылыстану сабақтарында қолданудың тиімділігін анықтау.

**Міндеттері:** 1.Жасанды интеллект құралдарын бастауыш сынып оқушыларының оқу процесіне енгізудің артықшылықтары мен кемшіліктерін талдау арқылы оқыту сапасын арттыру жолдарын қарастыру. 2.Жасанды интеллект технологияларын қолдану арқылы оқушылардың танымдық қызығушылықтарын арттыру әдістерін анықтау және олардың білім деңгейін жоғарылату мүмкіндіктерін зерттеу. 3.Мұғалімдер мен оқушылар арасындағы өзара әрекеттесуді оңтайландыру мақсатында жасанды интеллект негізінде әзірленген оқыту құралдарының тиімділігін бағалау. 4.Бастауыш сыныптағы жаратылыстану пәнінде жасанды интеллект технологияларын қолдану арқылы оқу процесін жекешелендіру жолдарын айқындау.

**КІРІСПЕ:**

Қазіргі заманда жасанды интеллект (ЖИ) технологиялары білім беру саласының маңызды құрамдас бөлігіне айналып отыр. Оқу процесін жетілдіруде бұл технологиялардың рөлі ерекше, себебі олар оқушылардың білім алуындағы жеке қажеттіліктеріне сәйкес оқыту бағдарламаларын ұсынуға мүмкіндік береді. Бастауыш сыныптағы жаратылыстану сабақтарында ЖИ-ді қолдану арқылы оқушылардың ғылымға деген қызығушылығын арттыруға, дербес оқытуды жүзеге асыруға және оқу мазмұнын жеңілдетуге болады. Осындай технологиялар оқушылардың оқу материалын түсіну деңгейін арттыруға, олардың аналитикалық және сыни ойлау қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

Жасанды интеллекттің қолданылуы қазіргі қоғамда өзекті мәселелерді шешуге септігін тигізеді. Білім беру сапасының айырмашылықтарын азайту, оқушылардың оқу барысындағы қиындықтарды уақытылы анықтау және оқу бағдарламаларын жекешелендіру сияқты міндеттерді шешуге көмектеседі.

**НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

*Жасанды интеллекттің білім беру саласына ықпалы*

Жасанды интеллект (ЖИ) технологиялары қазіргі білім беру жүйесінде үлкен рөл атқарып отыр. Бұл технологиялардың басты артықшылығы – білім беру бағдарламаларын әр оқушының жеке қажеттіліктеріне бейімдеу мүмкіндігі.

*Жасанды интеллектті қолданудың артықшылықтары мен кемшіліктері*

ЖИ-дің негізгі артықшылықтарының бірі – оқу процесін жекешелендіру қабілеті. Мысалы, әр оқушыға жеке оқу бағдарламаларын ұсыну арқылы олардың оқу материалын түсіну деңгейін арттыруға болады. Сонымен қатар, ЖИ мұғалімдерге оқу процесін басқаруда көмекші құрал ретінде қызмет атқарады, бұл олардың уақытын тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

*Жасанды интеллекттің практикалық қолданылуы*

ЖИ-дің практикалық қолданылуы білім беру сапасын арттыруға бағытталған. Мысалы, ЖИ технологиялары оқушылардың оқу барысындағы қиындықтарды уақытылы анықтауға көмектеседі. Осы арқылы оқушылардың әлсіз жақтарын анықтап, оларды жетілдіру үшін қажетті шараларды қолдануға болады.

**ҚОРЫТЫНДЫ**

Жасанды интеллект (ЖИ) технологияларының білім беру саласындағы ықпалы жаңа білім беру әдістерін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. ЖИ арқылы әр оқушының оқу бағдарламаларын жекешелендіріп, олардың жеке қажеттіліктерін ескеруге мүмкіндік бар. Бұл, әсіресе, жаратылыстану пәндерінде маңызды, себебі зерттеушілік қабілеттерін дамытуға және ғылымға деген қызығушылықты арттыруға ықпал етеді.

Сонымен қатар, ЖИ технологияларын қолдану барысында кездесетін кемшіліктерді де ескеру қажет. Технологияларға тәуелділік артуы мүмкін, және мұғалімдер мен оқушылар арасындағы тікелей қарым-қатынас азаяды. Дегенмен, деректердің сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету арқылы бұл мәселелерді шешуге болады.

ЖИ-дің білім беру жүйесін жаңғыртудағы маңыздылығын түсіну арқылы оқытуды дамытудың жаңа мүмкіндіктерін ашуға болады. Мұғалімдер ЖИ технологияларын оқу процесіне енгізуді белсенді түрде зерттеп, тәуекелдерді бағалап, тиімділікті арттыру жолдарын іздестіруі қажет. Оқушылардың аналитикалық және сыни ойлау қабілеттерін дамытуға бағытталған әдістерді қолдану олардың болашақтағы ғылыми жетістіктерін арттыруға ықпал етеді.

**ТҰРЛЫБАЕВА Нұрбану Базарбайқызы**
**Түркістан облысы, Шардара ауданы,**
**«Сырбек Каттебеков атындағы жалпы білім беретін мектеп»**
**коммуналдық мемлекеттік мекемесі**
**бастауыш сынып мұғалімі**

**Пайдаланылған дереккөздері:**

Нуралы Д.М. Бастауыш сыныптардың білім беру үдерісінде жасанды интеллекттің пайдасы // Білім айнасы. – Астана: №8 мектеп-лицей ШЖҚ МКК,2025.

Жұмабек К.С. Ерекше білім алуды қажет ететін бастауыш сынып оқушыларына жасанды интеллект көмегін қолдану // дефектолог мұғалім. – Алматы: №7 арнайы мектеп-интернаты, 2025.

Раманқұлова Г. Мұғалім-оқушы-ата-ана: Жасанды интеллект мектепте қалай енгізіледі // BAQ.KZ. – Нұр-Сұлтан: BAQ.KZ, 2025.

Мақалалар:

Абралиева Б.Қ. Жасанды интеллект көмегімен тілдерді оқытудың интерактивті әдістері // «Dulaty University Хабаршысы». – 2025. – №?. – беттер.

Ескендір Р. «Жасанды интеллектті бастауышта қолдану тәсілі» // Almaty Akshamy. – Алматы: almaty-akshamy.kz, 2025.

Сейфуллин А. Бастауыш сыныпта жасанды интеллектіні пайдаланудың тиімді жағы // Ustaz Tilegi. – 2025.

Мырзадияр А.О. Жасанды интеллектті бастауыш сынып сабақтарында қолданудың тиімділігі // Ustaz Tilegi. – 2024.

**Ескерту:** Кейбір деректер интернет-ресурстардан алынғандықтан, нақты беттер мен журнал нөмірлері берілмеген.

# БАСШЫЛЫҚ ПЕН БАҚЫЛАУ

**Аңдатпа:** Мақаламда бастауыш сыныптардың оқыту процесіндегі басшылық пен бақылаудың маңыздылығы қарастырылады. Басшылық пен бақылау оқушылардың білім алу сапасын арттыруға, олардың жеке дамуына және оқу үлгерімін жақсартуға ықпал етеді. Басшылық оқыту процесін тиімді басқаруға, оқушылардың қажеттіліктерін анықтауға және олардың оқу процесіне қатысуын арттыруға бағытталған. Бақылау оқушылардың жетістіктерін бағалауға, олардың білім деңгейін анықтауға және оқыту әдістемелерін жетілдіруге мүмкіндік береді.




**ЗЕРТТЕУДІҢ МАҚСАТЫ:** Бастауыш білім беру саласында басшылық пен бақылау жүйелерінің тиімділігін арттыру.

**МІНДЕТТЕРІ:** 1.Бастауыш білім беру мекемелеріндегі басшылық пен бақылау құрылымдарын талдау арқылы олардың негізгі мәселелерін анықтау. 2.Басшылық пен бақылау процестерін жетілдіру мақсатында қолданылатын әдістер мен құралдарды зерттеу арқылы олардың тиімділігін бағалау. 3.Басқару және бақылау жүйелерін жаңғырту үшін халықаралық тәжірибелерді салыстырып, тиімді үлгілерін енгізу мүмкіндіктерін қарастыру. 4.Оқушылардың білім сапасын арттыруға бағытталған басқару шешімдерінің әсерін зерттеу арқылы бастауыш білім беру жүйесіндегі оқу процесін жетілдіру жолдарын ұсыну.

**Кіріспе:** Бастауыш білім беру мекемеләріндегі басшылық пен бақылау жүйелері қазіргі қоғамда ерекше маңызға ие. Жаңа заманда білім беру сапасын арттыру үшін тиімді басқару жүйелерін құру қажеттілігі туындап отыр. Бұл тақырыптың өзектілігі білім беру саласындағы инновациялық тәсілдерді енгізу қажеттілігімен анықталады. Бастауыш мектептерде басшылық пен бақылау жүйелерін тиімді құру арқылы оқушылардың оқу жетістіктерін арттыру мүмкіндігі жоғарылайды. Басшылық пен бақылау жүйелерін жетілдіру арқылы педагогикалық ұжымның кәсіби деңгейін арттыруға болады. Зерттеу барысында басқару жүйелеріндегі кемшіліктерді анықтап, оларды шешудің тиімді жолдарын ұсыну маңызды. Бұл бағытта халықаралық тәжірибелерді зерттеу арқылы отандық білім беру жүйесіне тиімді инновацияларды енгізу мүмкіндігі қарастырылады. Басшылық пен бақылау жүйелерін жетілдіру арқылы білім беру мекемелерінің басқару құрылымдарын оңтайландыруға болады.

**НЕГІЗГІ БӨЛІМ:**

*Бастауыш білім беру саласындағы басшылық пен бақылау жүйелері*

Бастауыш білім беру мекемелеріндегі басшылық пен бақылау жүйелерінің тиімділігі оқушылардың білім сапасын арттыруда маңызды рөл атқарады. Бұл жүйелердің тиімділігін арттыру арқылы білім беру мекемелерінің жалпы нәтижелілігін жақсартуға болады.

*Басшылық пен бақылаудың қазіргі жағдайы*

Қазіргі таңда көптеген елдерде бастауыш білім беру жүйелерінде басшылық пен бақылау жүйелерін реформалау процесі белсенді жүргізілуде. Бұл реформалар білім беру сапасын арттыруға, оқу процесін оңтайландыруға және оқушылардың оқу мотивациясын көтеруге бағытталған. Мәселен, Финляндия, Сингапур сияқты елдердің тәжірибелері көрсеткендей, тиімді басшылық пен бақылау жүйелері оқушылардың академиялық жетістіктерін едәуір жақсартады.

*Басқару жүйелерінің кемшіліктері және оларды шешу жолдары*

Бастауыш білім беру мекемелеріндегі басқару жүйелерінде белгілі бір кемшіліктер бар, оларды жою үшін нақты шаралар қабылдау қажет. Ең алдымен, басқару структурасының икемді болмауы, коммуникация деңгейінің төмендігі, сондай-ақ, инновациялық технологиялардың жеткіліксіз қолданылуы сияқты мәселелерді шешу керек.

*Халықаралық тәжірибелерді енгізу*

Халықаралық тәжірибелерді зерттеу арқылы отандық білім беру жүйесіне тиімді инновацияларды енгізу мүмкіндігі зор. Мысалы, Жапонияның білім беру жүйесінде қолданылатын Lesson Study әдісі мұғалімдердің кәсіби деңгейін арттыруға ықпал етеді. Бұл әдіс педагогтар арасында тәжірибе алмасуға және бірлесе жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

**ҚОРЫТЫНДЫ**

Басшылық пен бақылау жүйелерін жетілдіру арқылы бастауыш білім беру мекемелерінде оқушылардың білім сапасын арттыруға және білім беру жүйесінің жалпы деңгейін көтеруге болады. Бұл жүйелерді жаңғырту педагогикалық ұжымның кәсіби деңгейін арттыруға, оқушылардың әлеуметтік және тұлғалық дамуына оң әсерін тигізеді.

Жалпы, басшылық пен бақылау жүйелерін жетілдіру бастауыш білім беру мекемелерінде оқушылардың білім сапасын арттыруға және білім беру жүйесінің жалпы деңгейін көтеруге ықпал етеді. Бұл жүйелерді жаңғырту педагогикалық ұжымның кәсіби деңгейін арттыруға, оқушылардың әлеуметтік және тұлғалық дамуына оң әсерін тигізеді. Сондықтан, білім беру саласындағы басқару шешімдерінің тиімділігін арттыруға бағытталған нақты ұсыныстар жасау өте маңызды.

**АБИЛОВА Гульмира Куанышалиевна,**
**Түркістан облысы, Шардара ауданы,**
**«Сырбек Каттебеков атындағы жалпы білім беретін мектеп»**
**коммуналдық мемлекеттік мекемесі**
**директордың оқу жұмыс жөніндегі орынбасары**

**Пайдаланылған Әдебиеттер тізімі:**

Әбдіқалықов Қ.Ж. Бастауыш сыныптарды басқару және бақылау. – Алматы: Білім, 2015. – 256 б.

Баймұратов Ә.А. Бастауыш білім беру: басқару аспектілері // Білім беру мәселелері. – 2019. – №3. – 45-50 б.

Жолдасова Г.С. Бастауыш сыныптағы оқытуды бақылау әдістері. – Астана: Ұлттық баспа, 2018. – 192 б.

Қасымов С.Т. Оқыту процесін басқару және бақылау // Педагогика әлемі. – 2020. – №2. – 33-37 б.

Омарова Л.М. Бастауыш сыныптардағы бақылау түрлері [Электронды ресурс]. – Қолжетімді: http://www.educontrol.kz – Қаралған күні: 15.09.2023.

Серікбай Н.Ж. Оқу процесін тиімді басқару әдістері // Білім беру жүйесі. – 2017. – №6. – 14-18 б.

Төлегенова А.А. Бастауыш сыныптарда оқу жетістіктерін бақылау. – Шымкент: Өрлеу, 2016. – 210 б.



# Волейбол – командалық спорт түрі

**Спорттың бұл түрінің тікелей қазақша атауы болмағанымен, түрі қолмен доп ойнау, торға доп салу екенін анық көрсетіп тұр. Қолмен торға лақтырғанда, ұшып барып торға түседі, не түспей қалады. Ұшатын доп десек те қателеспейміз.**

**Аңдатпа:** Еліміздің волейболдан құрама командалары әлемдік жарыстарда алдыңғы қатардан көрініп келеді. Ерлер құрамасының Әлем чемпионатына (2002) қатысса, ал әйелдер құрамасының Азия чемпионаттарында күміс медаль алуы - тарихи жетістіктер кіреді. [1]Қазақстанда алғашқы волейболдан жарыс 1926 жылы Қызылордада ұйымдастырылды. Қазақстан волейболы 20 ғасырдың 60-жылдары жақсы дамығандығы айтылады. Ол спорт шебері, КСРО-ның еңбек сіңірген жаттықтырушысы Октябрь Жарылғаповтың есімімен тікелей байланысты. (https://kk.wikipedia.org/wiki/

**МАҚАЛАНЫҢ МАҚСАТЫ:** Волейбол ойнаудағы әдіс-тәсілдерді жетілдіру арқылы оқушылардың дене шынықтыру қабілеттерін дамыту.

**МІНДЕТТЕРІ:** 1. Волейбол ойнау техникасын игерудің жолдарын анықтай отырып, оқушылардың командада жұмыс істеу дағдыларын жақсарту. 2. Волейбол жаттығулары арқылы жылдамдық, икемділік және реакция уақытын дамытуға арналған әдістерді енгізу. 3. Ойын барысында стратегия мен тактиканы қолдану дағдыларын жетілдіру үшін сабақ жоспарларын құрастыру. 4. Оқушылардың дене шынықтыру сабақтарына қызығушылығын арттыру мақсатында волейбол арқылы мотивацияны көтеру.

**КІРІСПЕ:** Қазіргі таңда волейбол дене шынықтыру сабақтарында кеңінен қолданылады. Волейбол ойнаудағы негізгі әдіс-тәсілдері, соның ішінде допты қабылдау, беру, шабуылдау және тосқауыл қою басты техника. Әрбір техника ойынның тиімділігін арттыруға бағытталған және дене қозғалысы мен ойлау қабілетін жетілдіруге ықпал етеді. Волейбол ойынының әдістері оқушының физикалық дамуына ғана емес, сондай-ақ командалық жұмыс пен қарым-қатынас дағдыларын нығайтуға да ықпал етеді.

Бұл ойын оқушылардың физикалық және психологиялық дамуына айтарлықтай ықпал етеді. Волейбол ойнау барысында оқушылардың физикалық төзімділігімен қатар, тактикалық ойлау қабілеттері де дамиды. Ойынның негізгі мақсаты – допты қарсылас команда алаңына түсіру болғандықтан, оқушылардың шапшаңдығы мен дәлдігі артады. Мұғалім волейбол ойнаудың тиімді әдіс-тәсілдерін анықтап, оқушылардың дене шынықтыру сабақтарына деген қызығушылығын арттыра білуі қажет. Оқушылардың дене шынықтыру сабақтарында волейбол ойнауда ұтымды әдістерді пайдаланып, қарсыласын жеңудің тиімді әдістерін қалай қолдануға болатындығын көрсетіп, машықтандырады. Сабақ барысында оқушылардың физикалық және психологиялық дамуын қамтамасыз етудің тиімді жолдарын айтып отырады.

**НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

*Волейбол ойнаудағы әдіс-тәсілдерін жетілдіру*

Волейболдың физикалық және психологиялық әсерлері. Бұл ойын арқылы дене шынықтыру сабақтарында оқушылардың жылдамдық, икемділік, және реакция уақытын дамытуға болады. Мысалы, шабуыл жасау немесе қорғау кезінде оқушылардың шапшаң әрекет ету қажеттілігі олардың жылдамдықтарын арттырады. Сонымен қатар, волейболдың командалық сипаты оқушылардың бір-біріне деген сенімін нығайтады.

*Әдіс-тәсілдерді жетілдірудің маңызы*

Волейбол ойнау барысында дұрыс әдіс-тәсілдерді қолдану оқушылардың ойын сапасын едәуір арттырады. Допты қабылдау, беру және шабуыл жасау тәрізді негізгі техникаларды игеру арқылы оқушылар ойын барысында жоғары нәтиже көрсете алады. Бұл техникаларды меңгеру үшін мұғалімдерге арнайы оқу бағдарламаларын басшылыққа ала отырып, ұстаз әр оқушының қабілетіне қарай сабақты ұйымдастыра білуі қажет. Мысалы, жаттығулар барысында оқушылардың қозғалыс координациясын дамытуға бағытталған тапсырмалар беру тиімді.

**ҚОРЫТЫНДЫ:** Қорыта айтқанда, волейбол ойнау әдіс-тәсілдерін жетілдіру арқылы оқушылардың физикалық, психологиялық және әлеуметтік дамуын қамтамасыз етуге болады. Бұл тек спорт емес, маңызды әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде қарастырылуы тиіс. Оқушылардың болашақта белсенді азамат болуына ықпал ету үшін волейболды дамытуға бағытталған бағдарламаларды енгізу қажет. Волейболды тек спорттық мақсатта ғана емес, сонымен қатар, оқушылардың жалпы дамуына үлес қосатын құрал ретінде қарастыруға шақырамын. Волейбол арқылы балалардың әлеуетін толық ашуға мүмкіндік бар, сондықтан осы мүмкіндікті жіберіп алмауға тырысу керек.

**АЙНАБЕКОВ Ержан,**
**Түркістан облысы, Шардара ауданы,**
**«Сырбек Каттебеков атындағы жалпы білім беретін мектеп»**
**коммуналдық мемлекеттік мекемесі**
**дене шынықтыру пәні мұғалімі.**

**Пайдаланылған дереккөздері:**

1. Жүнісов А.Қ. Волейбол ойынының техникасы. – Алматы: Спорт, 2015. – 256 б.
2. Ибрагимов Н.М. Волейболдың тактикалық әдістері // Дене шынықтыру әлемі. – 2019. – №3. – 45-48 б.
3. Сарбасов Б. Волейбол: оқыту әдістемесі. – Астана: Білім, 2018. – 192 б.
4. Қайырбекова Л.Т. Жасөспірімдерге арналған волейбол [Электронды ресурс]. – Қолжетімді: http://www.volleyball.kz – Қаралған күні: 05.10.2023.
5. Молдағалиев Е. Спорттық ойындардың негіздері. – Шымкент: Жастар, 2020. – 310 б.
6. Ахметова Г. Волейболдағы командалық үйлесімділік // Спорт және дене шынықтыру. – 2021. – №7. – 30-33 б.
7. Нұрғали С. Волейбол техникасының дамуы [Электронды ресурс]. – Қолжетімді: http://www.sporttech.kz – Қаралған күні: 05.10.2023.




# КОНЦЕРТМЕЙСТЕР – БАЛАЛАРДЫҢ МУЗЫКАЛЫҚ ЖАҒЫНАН ДАМУЫНЫҢ ӨЗЕГІ

**Бұл мақалада мектеп жасына дейінгі балалар қатысатын хор ұжымында концертмейстердің атқаратын рөлі мен жұмысының ерекшеліктері қарастырылады. Кішкентай балаларға тән қабылдау мен вокалдық мүмкіндіктерді ескере отырып, аккомпанементтің маңыздылығы, интонация тұрақсыздығы, назардың жылдам бөлінуі және шектеулі дауыс диапазоны сияқты негізгі қиындықтар сипатталады. Концертмейстердің эмоционалдық, педагогикалық және музыкалық қолдауы, хор жетекшісімен үйлесімді әрекеттесуі және ойын элементтерін қолдану сияқты тиімді тәсілдері ашып көрсетіледі. Мақалада концертмейстер еңбегінің балалардың музыкалық тәжірибесі мен хормен жұмыс істеу дағдыларының қалыптасуындағы орны ерекше екені айқындалады.**

Мектеп жасына дейінгі хор ұжымымен жұмыс – музыкалық педагогиканың ең нәзік әрі ең жауапты салаларының бірі. Балалар хорына келген бүлдіршіндерде тәжірибе жоқ, музыкалық есту әлі қалыптаспаған, назар тұрақсыз, бірақ ән айтуға деген қызығушылық пен табиғи құлшыныс өте жоғары. Осындай кезеңде концертмейстер балалардың алғашқы музыкалық қадамдарын дұрыс бағыттап, оларды музыка әлеміне сенімді түрде жетелейтін жетекші тұлғаға айналады. Оның рөлі жай ғана сүйемелдеу емес – ол бағыт-бағдар беретін ұстаз, эмоциялық қолдау көрсетуші, кейде тіпті кішкентай орындаушыларды «құтқарып қалатын» маман.

Концертмейстердің мектеп жасына дейінгі хордағы жұмысы ең алдымен баланың музыканы қалай еститіні мен қабылдайтынын түсінуден басталады. Бұл жастағы балалар дыбысқа тікелей әрі шынайы реакция береді: оларға айқындық, қарапайымдылық, бейнелілік қажет. Сондықтан аккомпанемент техникалық жағынан мінсіз болумен қатар, ең бастысы – түсінікті болуы тиіс. Тым күрделі фактура, артық әуендік әшекейлер немесе күрделі гармония балаларды шатастырып, әннің мелодиялық бағытын жоғалтуына әкелуі мүмкін. Сол себепті концертмейстердің басты тәсілі – ірі, анық музыкалық штрихтар: таза пульсация, айқын мелодиялық сызық, нақты бастау мен дәл аяқталу.

Алайда қарапайымдылық – шеберліктің аздығын білдірмейді. Керісінше, концертмейстерден ең жоғарғы деңгейдегі музыкалық сезімталдық талап етіледі. Балалар тобының тынысын, көңіл-күйін, қысқа назарын сезіну, олардың интонациясын бірде ұстап, бірде жоғалтып ала алатынын алдын ала болжау – осының бәрі аккомпанемент арқылы реттеледі. Кейде назарды жинау үшін кішкене екпін жеткілікті, кейде кішкентай интонациялық ишара

керек, кейде ойынды еске түсіретін көңілді дыбыстар топты қайтадан жинақтап береді.



Мектеп жасына дейінгі хордағы негізгі қиындықтардың бірі – интонацияның тұрақсыздығы. Баланың дауысы әлі қалыптасу үстінде, ал биіктікті дәл ұстап тұру қабілеті интуитивті деңгейде ғана жұмыс істейді. Мұндай жағдайда концертмейстер – тұрақты дыбыстың басты көзі. Ол мелодияны дублирлейді, бағыттайды, балаларды жоғалтып алмау үшін дыбыстық тірек береді. Егер аккомпанемент дұрыс болмаса немесе тым күрделі болса, хордың интонациялық тұтастығы бірнеше секунд ішінде бұзылып кетуі мүмкін.

Эмоциялық қолдау да концертмейстердің



жұмысының маңызды бөлігі. Мектеп жасына дейінгі хор – бұл әрдайым көңілді, сезімтал, жылжымалы атмосфера. Балалар өзін жайлы сезінгенде ғана сенімді әрі ашық айтады. Осы себепті аккомпанемент балалардың сезімін бағыттайтын құралға айналады: колыбельная – жұмсақ әрі тыныш, марш – жинақы әрі қуатты, көңілді ән – ойнақы әрі жарқын. Балалар музыкадағы көңіл күйді сөзден гөрі тез қабылдайды, сондықтан концертмейстер олардың эмоционалдық қозғалысын басқарушыға айналады.

Концертмейстер мен хор жетекшісінің үйлесімді жұмысы – табысты репетицияның басты шарты. Бұл жастағы балалар дирижердің қимылдарын әрдайым түсіне бермейді, сондықтан фортепианодағы сүйемелдеу де белгілі бір деңгейде дирижер міндетін орындайды. Ол балаларға қай жерде бастау, қай жерде тыныс алу, қай жерде тоқтау керектігін көрсететін дыбыстық бағдар береді. Мұғалім мен концертмейстер бір тізбекте жұмыс істегенде, репетициялар табиғи әрі жеңіл өтеді – музыка өзі процессті реттейді.

Концертмейстер тәжірибесінде кішкентай, бірақ өте маңызды кәсіби құпиялар көп. Балалар шаршағанда фактураны жеңілдету – бірден нәтиже береді. Қиын жер алдында шағын интонациялық ишара – фраза таза шығады. «Секірген» аккордтар, «жүрген» бас партиясы, «толқын» тәрізді әуез – ойын элементтері балаларды бірден қызықтырады және зейінді қайта жинайды. Бұл тәсілдер – жай ғана музыкалық әдіс емес, балалармен олардың өз тілімен, яғни ойын, сезім және қимыл арқылы сөйлесудің жолы.

Концертмейстердің жұмысы – ең алдымен адамға бағытталған жұмыс. Баланың алғаш рет мелодияның сұлулығын естуі, өз дауысын табуы, топпен бірге ән айту қуанышын сезінуі – осының бәрі концертмейстердің қолдауымен жүзеге асады. Бұл – музыкаға деген алғашқы сүйіспеншілікті қалыптастыратын, болашақ шығармашылықтың іргетасын қалайтын еңбек.

Сондықтан концертмейстердің қызметін қосымша немесе екінші дәрежелі деп атауға болмайды. Ол – хормен жұмыс жасаудың негізі, балалардың музыкалық дамуының өзегі. Бұл мамандықта қарапайым көрінетін нәрселердің артында үлкен кәсіпқойлық жатыр, ал нәтижесі балалардың әніндегі сенім мен қуаныштан көрінеді.

**Регина Мухтаровна СЕРИКОВА,**
**Астана қаласы әкімдігінің**
**№2 өнер мектебі ШЖҚ МКК концертмейстері,**
**педагог модератор.**

**ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Асафьев Б. В. Музыкалық- педагогикалық очерктер. – Москва: Музыка, 1973.
2. Выготский Л. С. Өнер психологиясы. – Москва: Лабиринт, 1997.
3. Жирков А. Н. Мектепке дейінгі музыкалық тәрбие әдістемесі. – Санкт-Петербург: Детство-Пресс, 2015.
4. Колесникова Е. В. Балалар хоры: теория және практика. – Москва: Владос, 2012.
5. Кэнфилд Б. Бала дауысын дамыту және қолдау. – Москва: Музыка, 2009.
6. Орфинская Е. В. Мектеп жасына дейінгі балалардың музыкалық дамуы. – Москва: Академия, 2010.
7. Пожалостина Л. В. Балалар хорының әдістемелік негіздері. – Москва: Просвещение, 2014.
8. Римский-Корсаков Н. А. Гармонияны үйренуге практикалық нұсқаулық. – Санкт-Петербург, 1893.



# Қазақша күрес – ұлттық спорт, ұлттық тәрбие

**Қазақша күрес – қазақ халқының ғасырлар бойы сақтап келген ұлттық спорт түрі. Бұл күрес түрі – тек физикалық ғана емес, рухани тәрбие де бере алатын ерекше өнер. Қазақша күрес – ұлттық бірегейлікті, ерлік пен батырлықты, шыдамдылық пен төзімділікті дәріптейтін, біздің ата-бабаларымыздың өмір салтын көрсететін спорт түрі болып табылады.**

Қазақша күрестің тарихы тереңде жатыр. Ерте замандардан бері атқа мінген батырлар мен сарбаздар бір-бірімен жекпе-жекке шығып, өздерінің күш-қайратын, ептілігін, батылдығын сынаған. Әсіресе, көшпенді өмір салтымен айналысқан қазақ халқы үшін күрес – тек спорт емес, өмірдің өзі болды. Тіпті, қазақ халқының дәстүрінде әртүрлі мейрамдар мен тойларда күрес өткізу маңызды орын алған. Мысалы, Наурыз мерекесінде немесе ел қорғаушылар күні сияқты күндерде күрес дәстүрге айналған.

Қазақша күрестің басты ерекшелігі – онда тек күш қана емес, ақыл мен техника да маңызды. Күрес барысында қарсыласты техникамен ұтып шығу, дәл уақытында шешім қабылдай алу маңызды. Қарсыластың жүгіріп кетуін, қалғып кетуін немесе артық әрекет жасауын күтпей, қысқа уақытта өз қадамыңды жасап, ұтымды әдіс қолдану керек. Бұл дегеніміз – қазақша күрес адамның физикалық ғана емес, психологиялық тұрғыдан да дамуын қамтамасыз етеді.

Қазақша күрес тек қана физикалық күшті дамытатын спорт түрі емес. Ол жастарды ұжымдық тәртіпке, сабырлыққа, өзін-өзі бақылауға, адалдыққа тәрбиелейді. Күрес кезінде әрбір спортшы өзін жақсы жағынан көрсету үшін, әділ болуға тырысады. Бұл ұлттық спорттың маңызды құндылықтарының бірі болып табылады. Сонымен қатар, қазақша күрес саламатты өмір салтын қалыптастырады, дене шынықтыруды арттырады және денсаулықты нығайтады.

Қазақша күрестің тағы бір ерекшелігі – оның адамдар арасындағы қарым-қатынасты жақсартатындығы. Бұл спорт түрінде екі қарсылас тек жекпе-жек өткізіп қана қоймай, бір-біріне сыйластық танытады. Күрестің соңында екі жағы да бір-бірін құшақтап, достық қарым-қатынас орнатады. Бұл да қазақ халқының ұлттық ерекшелігі мен қонақжайлылығының көрінісі.

Қазақша күресті мектептерде дене шынықтыру сабағы ретінде өткізу оқушылардың дене дамуына, белсенді өмір салтына қызығушылығын арттырады. Бұл спорт түрі балаларды жастайынан шынықтырып, болашақта белсенді, денсаулығы мықты азамат болып өсуіне көмектеседі. Күрес барысында оқушылар тек физикалық қана емес, моральдық тәрбие де алады. Олар тәртіпке, бірлікке, өз-өзін бағалауға үйренеді.

Қазақша күресті әлемдік аренада танымал ету және басқа халықтарға таныстыру – еліміздің мәдени мұрасын сақтау



және насихаттаудың маңызды жолдарының бірі. Бүгінде қазақша күрес халықаралық деңгейде кеңінен дамып келеді. Әлемдік аренада қазақ балуандарының жеңістері еліміздің абыройын арттырып, ұлттық спорт түрін танытуға үлес қосуда.

Қорытындылай келе, қазақша күрес – тек физикалық дайындықты ғана емес, ұлттық рухты да көтеретін спорт түрі. Ол балаларды ұлттық құндылықтарға, адалдыққа, өз еліне деген құрметке тәрбиелейді. Қазақша күресті дамыту арқылы біз ұлттық спортты сақтап қана қоймай, әлемдік деңгейде еліміздің мәртебесін арттыра аламыз.

**АКЖАРОВ Мұңайтпас Хайлиуллаұлы,
Түркістан облысы, Шардара ауданы,
«Сырбек Каттебеков» атындағы жалпы
білім беретін мектеп
Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі**

# Қазақ сатирасының бүгінгі жайы

Қазақ сатирасы – күлкі арқылы қоғамның дертін емдейтін рухани дәрі. Бір кездері «Ара», «Балға» деген басылымдар, «Шаншар», «Тамаша" сияқты сатиралық театр қойылымдары елдің көңілін көтеріп қана коймай, ойландырып, билік пен халық арасындағы ашық әңгімеге жол ашқан еді. Ал бүгінде қазақ сатирасының үні бәсеңдеді. Күлкі бар, бірақ күле алмаймыз. Себебі бүгінгі сатираның мақсаты – күлдіру емес, ойлату міндетінен алыстап барады.

Адамзат қоғамында күлкі мен сынның өз орны бар. Кейде ащы мысқыл мен орынды әзілің тіршіліктің қанына қан жүгіртеді. {1.Қазақ халқы қалжыңды ешқашан жалаң күлкі үшін емес, тәрбиелік мәні бар парасатты сөз ретінде қабылдаған. Халқымыздың қалжыңы – мәдениеттің, әділдіктің, терең ойдың белгісі болған. Бірақ бүгінде бұл дәстүрлі қалжыңның мәні жоғалып бара жатқандай.} Қазіргі кей сахналарда көрсетілетін дөрекі сатира адамды күлдіруден гөрі қорлайды. Мәселен, «Нысана» театрының жұртты күлдіремін деп оқушысынан жүкті болып қалған мұғалім образын сахнаға алып шығуы, «Шаншар» театры әртістерінің «папа», «мама» деген сөзді кішкене балаға «теріс қарап оқы» деп әжуалауы сияқты теріс тенденциялардың әзіл-сықақ театрлары сахнасынан қалай болса солай берілуі халықтың талғамын төмендетіп кеткен сияқты. {2.Ал классикалық қазақ сатирасының үлгісін жасаған Асқар Тоқмағамбетов, Оспанхан Әубәкіров секілді қаламгерлер шығармаларында терең ой, мәдени сын, ұлттық әдеп сақталған еді.} Қазір, өкінішке қарай, сахна мен телеарналардағы сатиралардың көбі мәдени шекарадан асып, кім көрінгеннің қолжаулығына айналып барады.

Қазіргі қазақ сатирасы туралы «неге әлсіреді?» деген сұрақ жиі қойылады. {2.Шынында, кеңес дәуірінде сатира қылыштың жүзіндей өткір еді. Сол кезде Оспанхан, Әзиз Несин, Чехов сынды шеберлердің сарқытын ішкен сатириктер қоғамның ащы шындығын күлкі арқылы көрсетіп, әділ сөздің туын көтерген.Тәуелсіздікпен бірге жаңа дәуір басталды, бірақ бұрынғы сатириктердің көбі заман ағымына ілесе алмады. Қазір Оспанханша осып жазатын, Әзиз Несинше ойландыратын жаңа буын аз.} Оның орнына әлеуметтік желіде жеңіл әзіл айтып, өзін сатирик санайтындар көбейді. Бәрі әзіл-қалжың театрларын ашып, жұртты күлкіге қарық етсем, сөйтіп, көңілдерін жарық етсем дейді. Алайда, олар авторлармен жұмыс істегісі де келмейді, шеттерінен Шекспир, шеттерінен Щедрин. Ал сахналаған дүниелерін таразымен өлшеп жіберсеңіз, салмағы нөл. Не тәрбиелік мәні жоқ, не сатиралық сәні жоқ, былыққан бірдеңкелер. Олардың қойылымдарында қазіргі сатиралық жазушылардың шығармалары жоқ. Көбіне актерлар өздері «жазады», яғни естіген анекдоттарын сахнада айтып, күлкі тудырғысы келеді. Бірақ ол күлкі жасанды, өтпелі.

Театрды қойған жастар енді кино саласына ауыз сала бастады. Комедиялар түсіруден жарыс басталды. Өздерін Голливудтың актерлеріндей сезінгендер YouTube-ты ұятқа қалдырып жатыр. Мысалы, Шымкенттегі сериалшылардың «Әпке», «Жездуха» сияқты туындылары сатира емес, мәнсіз күлкіге құрылған дүниелер. Дегенмен, сатира өліп қалған жоқ. Мысалы, Тұрсынбек Қабатов кейде ащы сатираға бет бұрып, «қазақтар картина көрмейді» деген фәлсәпалы әзілі арқылы ой тастайды. Сондай-ақ Ақтөбедегі «Екі езу» театрының жетекшісі Нұрлыбек Жұбатқанның «Командо» атты қойылымы жемқорлық мәселесін өткір әжуалайды, Үміт Зұлхарованың фельетондарында еліміздің саяси-экономикалық ахуалы, қоғамдағы сыбайластық, барлық саланы жегідей жеп, бой бермей күш алып кеткен жемқорлық фактілері нақты сөйлейді. Мұндай туындылар




күлкімен қатар ой салады. Керісінше, «Күлпәш» сияқты жеңіл комедиялар қазір көрерменді жалықтыра бастады. Өйткені оларда сын да, сатира да жоқ. Бүгінде жастар да, үлкендер де газет пен кітаптан гөрі әлеуметтік желіге үңілуді әдетке айналдырды. Ал сол желіде сатиралық жазбалар сирек.Сатираны дамыту үшін басылымдарда бұрынғыдай «әзіл-оспақ бұрыштарын» қайта жандандыру, сатиралық монологтар оқудан байқаулар өткізу маңызды. Себебі күлкі – қоғамды емдейтін күш, ал нағыз сатира – соның ең өткір емі. Станислав Ежицев: «Қорқынышты дүние күлдірсе - әзіл, күлкілі дүние қорқытса - сатира» деген екен.

Қорытындылай келе, қазіргі сахнада ұлттық қалжыңнан гөрі жеңіл, дөрекі әзілдер белең алған. КВН мен түрлі шоу-бағдарламалардағы әзілқойлар сатираның рухын емес, жеңіл күлкі мен арзан даңқ қуып жүр. Нағыз қазақи қалжың - жезде мен балдыздың, құда мен құдағидың, құрдастардың өзара әзілінде. Ол – әдепті, ойлы және тәрбиелік мәні бар сөз өнері. Осындай дәстүрлі қалжыңды қайта тірілтпейінше, қазақ сатирасы да өз биігіне көтеріле алмайды. Қазақ сатирасына ұлттық рең, әдеп және терең ой қайта оралғанда ғана, сахнадағы күлкі рухани нәрге айналары сөзсіз.



**Ақниет АЛИЗАХ,**
**Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Угиверситетінің 1-курс студенті. Астана**

*Пайдаланған дереккөзі:*
*{1.https://www.aikyn.kz/249039/k-azak--satirasyna-k-amk-orlyk--k-azhet/amp*
*{2.https://share.google/Panbg2H2qVHUkxlxF*
*Сурет: 23 мамыр, 2023 жыл YouTube*

# Ауылдан шыққан дарындар



Қазіргі таңда ауылдық мектептерде білім алып жатқан оқушыларды дамыту, ынталандыру мақсатында көптеген олимпиадалар, білім додалары, өнер байқаулары ұйымдастырылуда. Аталған шараларға оқушыларды дайындау, бағыт-бағдар беру ауыл мұғалімдерінің еншісіндегі іс. Осы орайда Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданына қарасты Үміткер ауылында орналасқан «Үміткер жалпы білім беретін мектебі» атап өткім келеді. Атап айтар болсақ, бастауыш сынып мұғалімі Газалиева Гүлмира Қайырқызы жетекшілік ететін 3-сынып оқушыларының жетістіктеріне тоқталмақпын. Ең алғаш рет қыркүйек айында Ботақара кентінде өткен аудандық «Бұқарекең жырлайды» дәстүрлі байқауында Гүлмира Қайырқызының дайындап әкелген бірнеше оқушысына көзім түсті. Әрқайсысы Бұқар жыраудың жиырмадан астам жырларын жаттап, сахнада мүдірмей мәнерлеп айтып, көрермен мен қазылар алқасының зор ықыласына бөленді. Ұлттық нақыштағы киімдері, сахнада өздерін ұстауларына,бір-біріне деген қолдауларына назар аудармай қала алмадым. Бұның барлығы ұстаз бен ата-ананың орасан еңбегі екені даусыз. Осы тұста «Ұстазы жақсының – ұстамы жақсы» деген халық мәтелі еріксіз ойға оралады. Аталған шараға қатысқан оқушылар Қазым Ақбаян, Сәбит Ұлжан, Адилхан Томирис, Үмітжанова Ханиса мақтау қағазымен марапатталып, ынталандыру жүлделерін иеленді. Әр оқушысы сахнаға шыққан сайын бірге толқып, бірге қуанып, әрқайсына дем беріп, қолдап жүрген ұстазға қарап сүйсіндім.

Келесіде Гүлмира Қайырқызының оқушылары облыстық «Сарыарқа» телеканалының, «Қуырмаш» бағдарламасының төрінен жарқ етіп, көзіме оттай басылды. Бағдарламаға Имантүсіпов Дарын, Баганова Амина, Қазым Ақбаян, Азаматқызы Зарина, Адилхан Томирис, Үмітжан Ханиса қатысып, балалар жүргізушінің әр сұрағына мүдірмей жауап беріп, бағдарлама ұжымын өнерлерімен тәнті етті. Осылайша екінші мәрте бағдарламаға шақырту алып, Сейсенбай Хамза, Айдарова Айсезім, Имантаева Инабат, Сайлауова Тоғжан, Айтбай Заңғар, Сәбит Ұлжан қатысты. Отбасы тақырыбындағы сұрақтарға жауап беріп, ән айтып, би билеп өнерлерін паш етті.

Желтоқсан айында өткен Қабыл Боранбаевтың 110 жылдығына арналған аудандық мәнерлеп оқу сайысына қатысқан Адилхан Томирис 2-орынды, Үмітжан Ханиса 3-орынды иеленсе, Қазым Ақбаян мақтау қағазымен марапатталғанына Гүлмира Қайырқызы зор мақтанышын білдіре отырып, Накишпан Мүслім мен Айдаров Бекарыс сияқты оқушыларының сурет өнеріне, қолөнерге қабілеттері өте жоғары екенін, олардың да келешекте қолөнер сайыстарына қатысып, топ жаратынына сенімі мол екенін де айтты.

Әр жыл сайын республика көлемінде өткізіліп отыратын пәндік олимпиадалардан да оқушылардың жақсы нәтижелер көрсетіп жүргенін де айтпасқа болмайды. Спорт саласында да топ жарып жүрген оқушылар жетерлік. Қазым Ақбаян, Айтпай Заңғар, Имантүсіпов Дарын тоғызқұмалақтан аудандық жарыстың жүлдегерлері атанса, қазақша күрес үйірмесіне белсене қатысып жүрген ұл балалардың да аяқ алысы жаман емес.

Жыр байқауларына қатысу, телебағдарламаға қатысу бір қарағанда қатардағы іс-шаралар сияқты көрінгенімен, балалардың көп уақыты телефонға телмірумен өтетін қазіргі уақытта бастауыш сынып оқушыларының көлемді жырларды көптеп жаттауы, камера алдында өздерін еркін ұстап, көрермен көзаймына айналуы ауыз толтырып айтуға тұратын жетістік. Ауылдан талант та, дарын да шығатынын осы балаларға қарап аңғаруға болады. Ойын ойнайтын жастық жастарында түрлі байқауларды қуалап жүрген балапандарға қарап төл өнеріміздің өлмейтіндігін аңғарамыз. Ауыл балаларының білімі, өнері мәдениеті көзге ерекше түсетіні сөзсіз. Қалам тартып жүрген бүлдіршіндер де осы ауылдан қалыптасып шығып келеді. Атап айтар болсақ, Адилхан Томирис төмендегі өлең жолдарын Бұқар жырау бабасына арнағанын айтты:

Заманында жырлаған.
Заңғар биік тұлға адам.
Бұқар жырау бабаны,
Хан, халықта тыңдаған.
Би де сөзге шешен де.
Жарасар не десең де.
Мақтан етем бабамды,
Бастауышым бастамам,- деп топ жарып жүрген бүлдіршіндердің артында әрине, ұлағатты ұстаз бен ата-ананың еңбегі тұрады. Балаларға сапалы білім беріп ғана қоймай, олардың уақыттарын тиімді пайдалануына ат салысып, шағын ауыл көлемімен шектелмей, аудан, облыс көлеміне шығуына барын салып жүрген ұстазбен бірлесе жұмыс жасап, балаға дұрыс тәрбие беріп, әр бастамасын қолдап жүрген ата-аналардың еңбегі көпке үлгі боларлықтай. Жас өскіндердің бойына тәрбие мен білімді, өнерді қатар сіңіріп, еліміздің болашағына үлес қосар ұлтжанды азаматтарын тәрбиелеп жүргеніне қарап Гүлмира Қайырқызының ұстаздық шеберлігіне, өз мамандығына деген адалдығына риза болмау мүмкін емес. Ауылдан шыққан дарындар баршаға үлгі өнеге бола берсін, қанаттары талмасын, алар асулары көп болсын.

**ЖАРКЕЕВА Гүлдана Әділбекқызы,**
**«Қарағанды облыстық қазақ тілі және мәдениеті қоғамдық бірлестігінің» мүшесі**



# ҰЛТ САПАСЫН АРТТЫРУҒА САНАЛЫ ҒҰМЫРЫН АРНАҒАН МАМАНДАР

**ТОҚАЕВ Қасым-Жомарт Кемелұлы,**
**Қазақстан Республикасының**
**Президенті:**

*«Біз жұмысшы мамандықтарын дәріптеу арқылы қоғамда еңбекқор және нағыз маман болу идеясын насихаттаймыз! Адал әрі табанды еңбегімен табысқа жеткен адамдар қашанда құрметті, сыйлы болуы керек. Бір сөзбен айтқанда, біздің қоғамда еңбекқорлық, кәсібилік сияқты қасиеттер өте жоғары бағалануға тиіс. Өз кәсібін жетік меңгерген мамандар ұлт сапасын арттырады. Жұмыстың жаманы жоқ, кез келген еңбек – қадірлі!».*

**https://abai.kz/**



Мемлекет басшысы өткен жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялап, еліміздің қуатын әр салада дамытып, әлеуетін арттыруға аянбай саналы ғұмырын арнаған еңбек адамдарының өз саласындағы жетістігін әділ бағалап, Ақорда төрінде мемлекеттік наградалар тапсырып, жұмысшы мамандығының қаншалықты мәртебелі екенін қоғамға айқындады. Адал еңбек етіп, еліміздің мықты тұғырын тіктеп, экономикасын, руханияты мен мәдениеті, білім саласында жемісті еңбек етіп келе жатқан жандарға құрметпен қарау, олардың еңбегін бағалау - қоғамдағы әр адамның парызы. Еңбектің бағаланатынын, ескерусіз қалмайтынын Мемлекет басшысы жарлығымен барлық салада үздіктер қатарынан көріне білген мамандарды Ақорда төрінде құттықтап, марапат тапсырғанын айтар едім

Айталық, Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданы. «Жаңа ауыл» ауылындағы «ҚР-ның еңбек сіңірген мұғалімі» Қабден Ақынов атындағы мектептің қызметкерлері де бар. Оларға білім беріп келе жатқан әр ұстаздың бала оқытудағы тәжірибесі мен кәсіби біліктілігін қанша дәріптесек те, орынды. Ұзақ жылдардан бері бір салада аянбай еңбек етіп келе жатқан Ырысгүл Базарбекова «Еңбек адамы» төсбелгісімен марапатталып, мектептегі кіші қамту қызметкері Жанар Әзезқызы туралы «Еңбек адамы – ел мақтанышы» атты кітапқа көлемді мәлімет жазылды. Облыстық кәсіподақ ұйымының шақыртуымен кітаптың тұсаукесері рәсіміне қатысып, өнерін ортаға салды. Қазақ өнерін ауылда өрге домалатуға қосып келе жатқан үлесі бағаланып, Алғыс хатпен марапатталды. Туған ерге туын тіккен жандардың әр ісі олардың ізін басып келе жатқан ұрпақ үшін өнеге, тағлым. Текті әке, ізгі анадан жаралған ізгі қасиеттерді бойына сіңірген Жанар Әзезқызы өнер адамы. Ауылдың ажарын әнмен әрлеген Жанар қарапайымдылығымен, жақсыны білуге, үйренуге деген дарынымен танылған ардақты ана, «Жаңа ауыл» ауылының ибалы келіні. Тынымсыз еңбегі, мамандығына деген құштарлығы оны ауылда қадірлі жандардың қатарына қосылуына жетеледі. Отанасы, ауылға келін, өз ісінің шебері ретінде өзінен кейінгі жастарға үлгі болып, ұлтымыздың салт-дәстүрі, ырым-тыйымдарын сақтауға ауыл аналарымен қатар келе жатқан Жанар Әзезқызына сәттіліктер тілейміз. Бүгінде ол алтын ұя мектептің жетістікке жетуіне бар күш-жігерін арнап, қазақ халқының киелі аспабы – домбыраны жанына серік етіп келеді.

«ҚР-ның еңбек сіңірген мұғалімі» Қабден Ақынов атындағы мектепті Қасымжанов Асет Кәкенұлы басқаруда. Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік Университетін тарих және география пәні мамандығы бойынша бітіріп, туған ауылындағы мектепте мұғалім, мектеп директорының орынбасары, директор қызметін атқарып келеді. Ұстаздың мектеп басқару менеждменті бойынша тәжірибесі таратылып, кәсіби біліктілігін арттыруда бірнеше сертификаттарға ие болған.



Мектептің бала оқытудан жалықпай келе жатқан барлық ұстаздарына алдағы уақытта да табыс, оқушыларына білімдегі жетістік пен ата-анаға ыстық ықыласымызды білдіре отырып, мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр тілейміз!



**БИДАШОВА Жансая Қайратқызы,**
**ШҚО, Тарбағатай ауданы,**
**Жана ауыл ауылы**
**«ҚР-ның еңбек сіңірген мұғалімі**
**Қабден Ақынов атындағы**
**орта мектеп»**
**КММ-нің ағылшын тілі пәні мұғалімі.**
**МУСТАФИНА Сандуғаш Азезқызы,**
**Қоғам белсендісі.**
**«Батыр шапағаты», «Ұлт жанашыры», «Ана жүрегі» төсбелгілерінің иегері**

# Абай ұлттық мектебі «Infact» дебат клубының ұйымдастыруымен өткен республикалық турнирлер

Абай ұлттық мектебі соңғы жылдары тек білім ордасы ғана емес, сонымен қатар пікір мәдениетін дамытатын маңызды орталыққа айналып келеді. Соның жарқын дәлелі - «Infact » дебат клубының ұйымдастыруымен өткен республикалық деңгейдегі «Daryn Cup I», «Daryn Cup II» және «Daryn Cup III»турнирлері.

Бұл турнирлерге Қазақстанның әр қаласынан дарынды, ойы ұшқыр, пікірталасқа дайын жастары жиналып, өзара мықты бәсекеге түсті. Қатысушылар тек жүлде үшін ғана емес, өз ойларын дәлелді жеткізіп, қарсы тараптың пікіріне құрметпен жауап беруді үйрену үшін де келеді. Себебі дебат - тек жарыс емес, ол тұлға қалыптастыратын үлкен мектеп.

